

ТҮСІНІК

«Қазақ тілі » пәнінен (оқыту қазақ тілінде емес) 3 -сыныбына арналған күнтізбелік- тақырыптық жоспар жаңартылған білім мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 ақпандағы №51 бұйрығына «Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша құрылды.

Мақсаты - сөйлесу дағдыларын дамыту, түсіну, қазақ тілінде өз ойларын білдіру, күнделікті өмірге, оқуға қатысты әдеттегі тақырыптарды әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдылары.

Міндеттері:

- 1) қазақ тілінде сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу дағдыларын дамыту;
- 2) қазақ тілінің дыбыстарын дұрыс айтуды және саралай білуді қалыптастыру;
- 3) ауызша және жазбаша сөйлеуде коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- 4) мәтіннің мағынасын дұрыс оқуға және түсінуге үйрету;
- 5) қазақ тілінің қарапайым орфографиялық және пунктуациялық ережелерді игеру;

Түзету-дамыту міндеттері:

- 1) білім алушылардың ақыл-ой және сөйлеу арқылы дамуына ықпал ету; танымдық қызметтің кемшіліктерін еңсеруге;
- 2) сөздікті дамыту, жетілдіру;
- 3) білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін жетілдіру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

3– сынып аптасына- 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.